**«КЕЛІСЕМІН»**
Мәшһүр Жүсіп атындағы
№ 57 орта мектеп ДТІЖО орынбасары
____________М.М.Аманкулова

**«БЕКІТЕМІН»**
Мәшһүр Жүсіп атындағы
№ 57 орта мектеп директоры
____________Г.Н.Сундетов

# 2023 – 2024 оқу жылындағы «AVIS» дебат клубының жоспары

**Мақсаты:**

- дарынды және бастамашыл жастарды дамыту;
- қоғамның әлеуметтік және саяси бағытталған азаматтарын қалыптастыру;
- мүшелерінің сыни ойлауын, шешендік шеберлігін, коммуникативті дағдыларын дамыту;
- қоғамның назарын колледждің, қаланың, аймақтың, елдің, әлемнің ең өзекті мәселелеріне аудару және әр түрлі деңгейдегі басшылармен іскерлік байланыс орнату;
- талқыланған мәселелерге қатысты іс жүзінде жүзеге асырылатын ымыралы шешімдерді әзірлеу;
- шығармашылық кәсіби тұлғаны, даралықты, клуб мүшелерінің өз көзқарастарын қорғай білу, басқаларды сендіру, сондай-ақ өз қателіктерін мойындай білу қабілеттерін еркін дамыту.
- клуб мүшелерінің әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі тануына ықпал ету.
- қазақстандық және халықаралық пікірсайыс қозғалысының дамуы мен нығаюына үлес қосу;
- ойынды дамыту және жетілдіру, жаңа форматтарды әзірлеу және тексеру;
- басқа дебат клубтарымен белсенді және сындарлы өзара әрекеттесу;
- клуб мүшелерін үнемі жаңартып отыру.

**Міндеті:**

- жастардың және жалпы қоғамның болып жатқан қоғамдық-саяси процестерге қызығушылығын дамыту;
- жас ұрпақтың бойында саяси мәдениетті қалыптастыру;
- тәжірибе жинақтау және әлеуметтік маңызды проблемаларды қоғамдық талқылау мәдениетін дамыту;
- әр түрлі аудитория алдында сенімді және әдемі сөйлеу, дәлелдермен сендіру, пікірталасты дұрыс және логикалық ойлау қабілетін дамыту.

**Жұмыс қағидаты:**

Білім алушыларды дебатқа үйрету нәтижесінде балалар мен жасөспірімдерде келесі дағдылар қалыптасады:

- логикалық және сыни ойлау,
- өз ойын конструктивті жеткізу, өзіндік көзқарасын қалыптастыру, мәселені жан-жақты қарау;

| № | Іс-шара атауы | Форматы | Орындау мерзімі | Қатысушылар | Жауапты | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Дебат қозғалысының іс-шара жоспарын бекіту. | | қыркүйек | | Дебат қозғалысының фракциясы тәлімгер З.Абуова | |
| 2 | Дебат клубының мүшелерімен кездесу. Төрағасын сайлау | | қыркүйек | 7,8,9,10 сыныптар | Дебат қозғалысының фракциясы тәлімгер З.Абуова | |
| 3 | Дебат форматтарымен танысу,теориялык сабақтар | лекция | қыркүйек | | Дебат қозғалысының фракциясы тәлімгер З.Абуова | |
| 4 | Дебаттық қозғалыс бойынша насихаттау жұмыстары | лекция | жыл бойы | | Дебат қозғалысының фракциясы тәлімгер З.Абуова | |
| 5 | Қазақстанның жастары қаншалықты патриот? | пікірсайыс | қыркүйек | 7-8 сыныптар | Дебат қозғалысының фракциясы тәлімгер З.Абуова | |
| 6 | "Үш тұғырлы" тіл саясатың тиімділігі | пікірталас | қазан | 8-10 сынып | Дебат қозғалысының фракциясы тәлімгер | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | З.Абуова | |
| 7 | «Жастар және интернет» | пікірталас | қазан | 8-10 сынып | Дебат қозғалысының фракциясы З.Абуова | |
| 8 | «Жастар қоғам тірегі» | дөңгелек үстел | қазан | 8-10 сынып | Дебат қозғалысының фракциясы тәлімгер З.Абуова | |
| 9 | Бай болған жақсы ма әлде бақытты ма?! | пікірсайыс | қараша | 7-8 сынып | Дебат қозғалысының фракциясы тәлімгер З.Абуова | |
| 10 | Мектептерде қаржылық сауаттылыққа оқыту керек пе? | пікірталас | қараша | 9-10 сынып | Дебат қозғалысының фракциясы З.Абуова | |
| 11 | ҚР-ның Тәуелсіздік жылдарындағы жеткен ең үздік жетістіктері | пікірталас | желтоқсан | 10 сынып | Дебат қозғалысының фракциясы З.Абуова | |
| 12 | Тәуелсіз елдің – жастары | дөңгелек үстел | желтоқсан | 9-10 сынып | Дебат қозғалысының фракциясы З.Абуова | |
| 13 | Мектептер компьютерлерінде YouTube, Facebook, Instagram сияқты | АПФ,БПФ | желтоқсан | 10 сынып | Дебат қозғалысының фракциясы тәлімгер | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | сайттарды бұғаттауы керек пе? | | | | З.Абуова | |
| 14 | Адам қажеттіліктері экологиядан маңызды ма? | пікірталас | қаңтар | 8-9 сынып | Дебат қозғалысының фракциясы тәлімгер З.Абуова | |
| 15 | Үй тапсырмасына тыйым салу керек пе? | **АПФ,БПФ** | қаңтар | 7-8 сынып | Дебат қозғалысының фракциясы тәлімгер З.Абуова | |
| 16 | Ғаламтор кітап орнын баса ала ма? | **АПФ,БПФ** | ақпан | 9-10 сынып | Дебат қозғалысының фракциясы тәлімгер З.Абуова | |
| 17 | Қазақ балаларын шет мемлекетке беру дұрыс па,бұрыс па? | **АПФ,БПФ** | ақпан | 7-8 сынып | Дебат қозғалысының фракциясы тәлімгер З.Абуова | |
| 18 | Жарнама жасанды қажеттіліктерді тудырады | пікірсайыс | наурыз | 9-10 сынып | Дебат қозғалысының фракциясы тәлімгер З.Абуова | |
| 19 | Қазақстан болашағы - қазақ тілінде | пікірталас | наурыз | 9-10 сынып | Дебат қозғалысының Фракциясы | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тәлімгер З.Абуова | |
| 20 | Үйде оқыту дәстүрлі мектептен гөрі жақсы ма? | **АПФ,БПФ** | наурыз | 7-8 сынып | Дебат қозғалысының фракциясы тәлімгер З.Абуова | |
| 21 | «Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер» | пікірталас | сәуір | 8-9 сынып | Дебат қозғалысының Фракциясы тәлімгер З.Абуова | |
| 22 | Еліміздегі жастар саясаты. Жетістіктері мен кемшіліктері | пікірталас | сәуір | 10 сынып | Дебат қозғалысының Фракциясы тәлімгер З.Абуова | |
| 23 | Оқуға құштарлықты қалай арттыруға болады? | **АПФ,БПФ** | мамыр | 7-9 сынып | Дебат қозғалысының Фракциясы тәлімгер З.Абуова | |

Дебат клубы жетекшісі: З.Абуова

Дебат клубы фракциясы: А.Кипирәлі

*Қосымша 1*

**«Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектеп»**
**«AVIS» дебат клубының төлқұжаты**

| | |
|---|---|
|  | **Жетекшісі**: Абуова Зура Султановна<br>**Білімі**: Жоғары<br>**Мамандығы**: Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі |
| Клубтың ашылу күні | 13.09.2023 ж |
| Клубтың орналасқан мекенжайы | Мәшһүр Жүсіп атындағы<br>№ 57 орта мектеп,Шарбақты 46. |
| Оқыту тілі | Қазақ тілі |
| Қатысушылардың саны | 100 |
| Қазақ тілінде қатысатын бала саны, сыныптары | 100 |
| Байланыс нөмірлері | +77770911577 |

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектепте**
**Дебат клубының мүшелерімен кездесу,төрағасын сайлау.Дебат форматтарымен танысу**
**Анықтама**

20.09.2023 күні «**AVIS**» дебат клубының 2023-2024 оқу жылындағы 1-отырысы болды.Алдағы оқу жылына жұмыс жоспары жасалып,ойын кестесі бекітілді.Клуб мүшелігіне жаңа оқушылар қосылды. Оқушылармен жиналыс өткізіліп,дебат клубының мүшелерінің тізімі таныстырылды.Пікірсайыс орталығының басты мақсаты оқушыларды жан-жақтылыққа ,сөйлеу мәдениетінің әдебіне,ой саналарының кең болуына баулу. Клуб мүшелері өз ұсыныстары мен ойларын ортаға салды.Дебат туралы түсінік берілді. Жоспар бойынша :Кіріспе,теориялық бөлімі: пікір-сайыс деген не? Пікір -сайыстың форматтары (АПФ,БПФ) түсіндірілді.

Дебат лидерлері : Кипрәлі Аяулым, Нурланова Зарина, Садык Айым дебат клубына қосылған жаңа оқушыларға өз тәжірибелерімен бөлісіп, тың ойлар айтты.

Дебат клубының алдағы жұмыс жоспарлары талқыланды.

Дебат төрағасы болып, Кипрәлі Аяулым сайланды.





Дебат жетекшісі: Абуова З.С

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектепте**
**«Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?» тақырыбында**
**пікірсайысқа**
**Анықтама**

29.09.2023ж**«Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?»** тақырыбында пікірсайыс болды.
БП форматында.Дебат дегеніміз-пікірсайыс.Жарыссөз,айтыс десек те болады.

Мақсаты:Оқушылардың еліміздегі патриоттық бағытта жүзеге асырылып жатырған игі істер мен айтулы шаралар, бағыттар туралы түсініктерін кеңейту.Екі жақты позицияда оқушылардың сөз жарасымдарына қатыстыру барысында оларды обьективтілік, пікір алуындағы елжандылық, принципшідік қасиеттерге тәрбиелеу.Тақырыпқа байланысты әртүрлі деректер, материалдар, фактілер, статистикалық мәліметтерді саралау арқылы оқушылардың танымдық-эвристикалық қабілеттерін арттыру.

Пікірталастың ең биік шыңы- пікірсайысты меңгерген оқушы бойында өзіндік сөйлеу стилі қалыптасады. Кез келген ортада өзін-өзі ұстай білуін, сөзінің тартымды әрі ойының дәлді болуымен ерекшеленеді.

Пікірсайыстың фотолары әлеуметтік желіге жарияланды.

https://www.instagram.com/p/Cx7QL6btT4o/?igshid
=MzRlODBiNWFlZA==

Дебат жетекшісі: Абуова З.С

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектепте**
**«Үш тұғырлы тіл саясатың тиімділігі» тақырыбында пікірсайысқа**
**Анықтама**

Қазан айында «Үш тұғырлы тіл саясатың тиімділігі» тақырыбында пікірсайыс 9-сыныптар арасында өткізілді. Дебат пікірсайысы БП форматында болды.Дебатқа 9 сыныптар бақ сынады.
Дебат пікірсайысының мақсаты:. қазақ тілінің мәртебесі туралы, үш тұғырлы тілдің тиімділігі туралы пікір айту, оқушылардың өз пікірін айта білуге үйрету, дәлелдер мен мысалдар, статистикалық мәліметтер қолдана білуге үйрету, тілді құрметтеуге баулу.
Өз тілінді құрметте-деп Қадір Мырзалиев ақын ағамыз айтқандай жалпы қоғамымыз ана тілін өз анасындай қорғап қастерлеуі тиіс.

9 сыныптар бойынша 3 команда қатысты, «Үкімет» және «Оппозиция», «Жабушы». Оқушылар өте тартысты ,қызықты пікірталас өткізді. Пікірталас барысында оқушылар өз ойларын ашық айтып, дәлелдермен сөйлеп,өз пікірлерін ортаға салды. Әсіресе 9 в сынып оқушысы Кипралі Аяулым және 9 б сынып оқушысы Асқанбай Балауса өздерінің жақсы ойнауларымен көзге түсе білді.

Тақырып ашылды, жан-жақты талқыланды. Жеңіске жеткен команда Асқанбай Балауса мен Кеңесова Камила.

Оқушыларға орындар беріліп марапатталды.

Ойында төрешілік еткен мектептің педагог-ұйымдастырушысы: Таубай Айдана мұғалім.





Дебат жетекшісі: Абуова З.С

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектепте**
**«Жастар және интернет» тақырыбында пікірсайысқа**
**Анықтама**

**«Жастар және интернет»** тақырыбында 9-10 сыныптар арасында қазан айында пікірталас болып өтті.

Мақсаты: Белгілі бір фактілерді зерттеуге,болжауға,жүйелеп сөйлеуге, өз көзқарасын ашық та,нық айтуға және өз бағытын дұрыс ұсынуға жетелеу.

-Қарсы пікірдегі адамдардың қойылған мәселелерін жан-жақты қарап,ойлануға көмектесу.

-Тіл үйренушінің сөйлеу дағдысын қалыптастыру;

-Өз көзқарасын айтуға машықтандыру;

-Өзара сыйластық қарым-қатынастарының адам өміріндегі мәнін түсіндіру;

Дебат төрешілері ретінде қазақ тілі пәні мұғалімі және тәрбие бөлімінің орынбасарлары қатысты.

Оқушылар қызу да,тартысты пікірталас өткізді.Өз ойларын ашық,еркін жеткізді. Дебат АФП форматында өтті.

1-орын Жетен Диляра

2-орын Несіпбай Адина

3-орын Маратұлы Нұржан

Оқушылар дипломдармен марапатталды.





Дебат жетекшісі: Абуова З.С

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектепте**
**«Жастар қоғам тірегі» тақырыбында пікірталас**
**Анықтама**

«Жастар қоғам тірегі» атты тақырыпта қазан айында 8-10 сыныптар арасында дебаттық пікірталас болып өтті.

Мақсаты:Оқушыларға жастар және олардың әрекеті туралы түсінігін жетілдіру, өз ойларын айта білуге, дәлелді мысалдар келтіруге, өз көзқарастарын, ой толғауларын жеткізе білуге бағыт беру. Оқушылардың қоғамдағы міндеті мен жауапкершілігін сезіндіру. Қоғамға, өз ортасына саналықпен қарау сияқты көзқарасын қалыптастыру. Өз ойын еркін айта білуге, жүйелі шешен сөйлеуге баулу, қабілеттерін арттыру.
Оқушылар қызу да,тартысты пікірталас өткізді.Өз ойларын ашық,еркін жеткізді. Дебат АФП форматында өтті.
Пікірталастың ең биік шыңы- пікірсайысты меңгерген оқушы бойында өзіндік сөйлеу стилі қалыптасады. Кез келген ортада өзін-өзі ұстай білуін, сөзінің тартымды әрі ойының дәлді болуымен ерекшеленеді.





Дебат жетекшісі: Абуова З.С

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектепте**
**«Бай болған жақсы ма әлде бақытты ма?!» тақырыбында пікірталас**
**Анықтама**

«Бай болған жақсы ма әлде бақытты ма?!» атты тақырыпта қараша айында 7-8 сыныптар арасында дебаттық пікірталас болып өтті.

Мақсаты:оқушының ой-өрісін дамыту,іздендіру, мәдениеттілікке тәрбиелеу,оқушылардың сөз шеберлігін шыңдауға,ашық сөйлеуге,шешендік өнерге баулу.

Тақырыпқа байланысты әртүрлі деректер, материалдар, фактілер, статистикалық мәліметтерді саралау арқылы оқушылардың танымдық-эвристикалық қабілеттерін арттыру. Әрі қарай дебат қызықтыда тартысты өткізілді.Оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп,бірін бірінен басып озды.

Пікірталастың ең биік шыңы - пікірсайысты меңгерген оқушы бойында өзіндік сөйлеу стилі қалыптасады. Кез келген ортада өзін-өзі ұстай білуін, сөзінің тартымды әрі ойының дәлді болуымен ерекшеленеді.





Дебат жетекшісі: Абуова З.С

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектепте «Мектептерде қаржылық сауаттылыққа оқыту керек пе?» тақырыбында пікірталас**
**Анықтама**

«Мектептерде қаржылық сауаттылыққа оқыту керек пе?» атты тақырыпта қараша айында 9-10 сыныптар арасында дебаттық пікірталас болып өтті.

Мақсаты:Оқушылардың экономикалық білімдерін тексеру, тиянақтау, одан әрі танымдылық қабілеттерін арттыру; оқушыларды білімді, дарынды, озық болуға тәрбиелеу өз пікірін дұрыс мәдениетті түрде жеткізе білуге және топпен жұмыс жасай білуге үйрету,пәнге деген қызығушылығын ояту, өз білімдерін өмірде қолдана білу қабілеттерін, экономикалық ой-өрістерін,қиялын дамыту.
Экономикалық білім тек экономика мен басқарудың түрлі саласында қызмет істейтіндерге, ғалым - экономистерге немесе экономика пәні оқытушыларына ғана, сонымен қатар күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуде қоғамның әрбір мүшесіне қажеттілігін бүгінгі өмір талабы көрсетіп отыр.
Мектепте қаржылық сауаттылық және экономика негіздерін оқытудың басты мақсаты – оқушыларды экономикалық мәдениетпен, қоғамның экономикалық даму заңдылықтарымен таныстыру, іскерлікке, қаржылық сауаттылыққа тәрбиелеу, еңбек ете білуге,өзін және өзгелерді рухани - материалдық құндылықтармен қамтамасыз ететін өз елінің патриот азаматы болуға қаруландыру.Ақша – адамның күнделікті қажеттілігі. Қаржылық сауаттылық – жеке және отбасылық қаржыны басқарудағы біліктілік. Біз біліктілікке ие болып, оны арттырып, дамыта аламыз.





Дебат жетекшісі: Абуова З.С

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектепте**
**«ҚР-ның Тәуелсіздік жылдарындағы жеткен ең үздік жетістіктері» тақырыбында пікірталас**
**Анықтама**

«ҚР-ның Тәуелсіздік жылдарындағы жеткен ең үздік жетістіктері» атты тақырыпта желтоқсан айында 10 сыныптар арасында дебаттық пікірталас болып өтті.

Мақсаты:Оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру.Патриоттық,отансүйгіштік сезімін дамыта отырып,ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу.

Тәуелсіздікке жетер жол қай кезде де, қай елде де жеңіл болмаған. Ащы менен тұщыны татқан білер, жақсы менен жаманды жортқан білер дегендей мемлекет құрудың қаншалықты күрделі, қаншалықты қиын екенін оның басы-қасында жүргендер ғана сезіне алатын болса керек. Осы орайда тәуелсіздікке қол жеткізу жолы – ұлы жол десек, артық айтқандық болмайды.

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні. Бұл – теңдесі жоқ тарихи күн, Ұлттық мереке. Бұл кешегі бабалардан қалған жәдігер сөз. Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін ел дамуында жаңа тарихи кезең басталды. Бейбітшілік пен келісім, саяси тұрақтылық пен экономикалық өрлеу жүйесі қалыптасты. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың дана басшылығымен егемен еліміз әлем қауымдастығынан лайықты орын иеленді. Аз ғана уақыттың ішінде Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық әл – ауқаты, мәдени, рухани келбеті бұрын болып көрмеген биік деңгейге көтерілді.

Енді осы кезеңге дейінгі жеткен жетістігімізге шолу жасасақ. Қазақ халқы 1990 жылдың 25 қазанында Егемендік туралы Декларация қабылдады, одан әрі 1991 жылы 16 желтоқсан күні Тәуелсіздігін жариялап, заң жүзінде шынайы бостандыққа жеттік. Жетпіс жыл бойы үстемдік еткен кеңестік қоғамның күйреу кезеңіне тап болған біздің ел көптеген қиыншылықтарға тап болды. Бір қуанарлығы бабаларымыз айтқандай: «күннің жаманы кетті»… «Мен ауызбіршіліктен айнымайтын ақжүрек жұртымның қуатты ұлтқа, шуақты ұлысқа айналарына кәміл сенемін» (Президенттің Қазақстан халқына Жолдауынан) дейтін Елбасы аманатының жүзеге асып жатқанына баршамыз куәміз. Қазақ халқының алдында мәңгілік мұраттар мен ұлы міндеттер бар, соның бірі, ең бастысы – бостандықты баянды ету, сақтап қалу, одан әрі нығайту.

Н. Назарбаев қол қойған алғашқы Жарлықтарының бірі — 1991 жылғы тамыздың 29-ындағы «Семей полигонын жабу туралы» Жарлық болды. Елбасының осы тарихи шешімі, батыл қадамы бүгінде дүние жүзіне мәлім тарихи фактіге және біздің ұлттық мақтанышымыздың мәніне айналды.




Дебат клубы жетекшісі: Абуова З.С

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектепте**
**«Тәуелсіз елдің - жастары» тақырыбында пікірталас**
**Анықтама**

«Тәуелсіз елдің - жастары» атты тақырыпта желтоқсан айында 9-10 сыныптар арасында дебаттық пікірталас болып өтті.

Мақсаты:оқушының ой-өрісін дамыту,іздендіру, мәдениеттілікке тәрбиелеу,оқушылардың сөз шеберлігін шыңдауға,ашық сөйлеуге,шешендік өнерге баулу. Оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру.Патриоттық,отансүйгіштік сезімін дамыта отырып,ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу.

1991 жылғы 16—желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік — тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Жиырма жылдан астам уақыт ішінде елдің әл—ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік—біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады . Қазақ халқының егемендікке ұмтылған қадамы сәтімен жүзеге асты. Дүниеге жаңа мемлекет—Тәуелсіз Қазақстан Республикасы, дербес қазақ елі келді. 1991 жылдың 17—желтоқсанында Алматыдағы Орталық алаңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жариялануына және 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының бес жылдығына арналған митинг болы өтті. Жиналған сан мыңдаған адамның алдына Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев былай деп сөз сөйледі: «Дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Міне, енді сол күнге де жеттік... Тәуелсіздік табалдырығында тұрған осы жан тебірентер сәтте қазақ елінің еркіндігі, бостандығы жолында бас тіккен азаматтардың, солардың қатарында бұл күнге жете алмай, туған Қазақстанның егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болғанын көре алмай өмірден өткен желтоқсан құрбандарының рухына тағзым етіп, еске алуды парыз санаймын... Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда.

Дебат АФП форматында өтілді.Оқушылар өз ойларын ортаға салып,қызықты да тартысты пікірталас болды.



Дебат клубы жетекшісі: Абуова З.С

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде Қазақстан Тәуелсіздігіне арналған іс-шара жоспарына сәйкес өткізілген «Мектептер компьютерлерінде YouTube, Facebook, Instagram сияқты сайттарды бұғаттауы керек пе?» атты дебат турниріне**

**АНЫҚТАМА**

«Мектептер компьютерлерінде YouTube, Facebook, Instagram сияқты сайттарды бұғаттауы керек пе?» атты тақырыпта желтоқсан айында 10 сыныптар арасында дебаттық пікірталас болып өтті.

Дебат пікірсайысы БП форматында болды.Дебатта 10 сынып оқушылары бақ сынады. Дебат пікірсайысының мақсаты: бүкіләлемдік өрмек – интернетке байланысты оқушылардың білімдерін нығайту,тиянақтау,ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру,шығармашылыққа баулу,оқушылардың ой-өрісін,тіл байлығын,есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Дебат – қоғамдық екі топтың белгілі бір тақырыпқа байланысты қарама – қарсы ойларын үшінші топқа, яғни, төрешілерге нақты детальдармен дәлелдейтін пікірталас түрі. Демек, нақты дәлел қажетігінен дебатерлар нақты білім және білімді орынды қолдану әрі ойын дәл жеткізу мақсатында шешендікөнерге де ие болуы шарт.

Төрешілік еткен мектептің дебат клубы фракциясының директоры: Кипралі Аяулым




Дебат клубы жетекшісі: Абуова З.С

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде «Адам қажеттіліктері экологиядан маңызды ма?» тақырыпта өткізілген дебат турниріне**

**АНЫҚТАМА**

Адам қажеттіліктері экологиядан маңызды ма? тақырыбында 9-10 сыныптар арасында қаңтар айында пікірталас болып өтті. 9 сыныптар бойынша 2 команда қатысты. Оқушылар өте тартысты,қызықты пікірталас өткізді. Пікірталас барысында оқушылар өз ойларын ашық айтып, дәлелдермен сөйлеп,өз пікірлерін ортаға салды.

«Адам экологиясы» ұғымы шамамен 100 жыл бұрын қолданыла бастады. Содан бері ол ғылыми жұмыстарға, мақалаларға және әртүрлі пікірталастар тақырыптарына берік еніп келеді. Адам мен экология бір-бірімен тығыз байланысты. Адамдар қоршаған ортаның жағдайын әртүрлі өмірлік факторлармен байланыстырады. Адам өмірінің экологиясы - бұл қоршаған планетаның Жер планетасының тұрғындарына әсерін зерттейтін толыққанды ғылым.Экологиялық ахуал өнеркәсіптің зиянды әсеріне ұшырамайтын жер шарындағы орындар мұқият сақталады. Олар қорық аймақтарын, қорықтарды ұйымдастырады, медициналық орталықтар салады және курорттарды жабдықтайды. Ауа ванналары мен серуендеу тыныс алу аурулары бар адамдар үшін пайдалы, ал таза су ішу ішкі мүшелер ауруларының алдын алуға көмектеседі.





Дебат клубы жетекшісі: Абуова З.С

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде «Үй тапсырмасына тыйым салу керек пе?» тақырыбында өткізілген дебат турниріне**

## АНЫҚТАМА

Үй тапсырмасына тыйым салу керек пе? тақырыбында оқушылар арасында қантар айында пікірталас болып өтті.

Үй тапсырмасына тым көп уақыт бөлу оқушылардың даму қажеттіліктерін және басқа да маңызды өмірлік дағдыларды қанағаттандырмайтынын білдіреді. Тым көп үй тапсырмасы бар студенттер мектептен тыс іс-шараларға, мысалы, спортқа, музыкалық аспаптарға және т.б. қатысудан аулақ болады.

**Үй тапсырмасын орындауға тыйым салудың 3 себебі**

- Үй тапсырмасы депрессияны тудырады. Үй тапсырмасы оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығына нашар әсер етуі мүмкін. ...
- Үй тапсырмасы олардың әлеуметтік өміріне зиянды. Үй тапсырмасы оқушының өмір сапасына нашар әсер етуі мүмкін. ...
- Үй тапсырмасы оқушылардың бағасына әсер етеді.




Дебат клубы жетекшісі: Абуова З.С

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде «Ғаламтор кітап орнын баса алады ма?» тақырыбында өткізілген дебат турниріне**

**АНЫҚТАМА**

«Ғаламтор кітап орнын баса алады ма?» тақырыбында ұстаз бен оқушылар арасында дебат турнирі өткізілді.

**Мақсаты:** Өз ойы мен пікірі бар, шығармашылықпен жұмыс жасай алатын, қабілетті де құзыретті тұлғаны тәрбиелеу. Оқушыларды жан - жақты ізденіс жұмыстарына баулу. Оқушыны көпшілік алдында еркін сөйлеуге, өз ойын жетік, толық жеткізуге, сөйлеу мәдениетін дамытуға бағыттау.

Шешендік өнер мен ой ұшқырлығы сынға түсетін ойын.

Дебатқа 9,10,11 сынып оқушыларынан құралған командалар және ұстаздар қатысты.

Дебат ойыны қызықты әрі жоғары деңгейде өтті. Үздік ойын көрсетіп,жеңімпаз атанған ағылшын тілі пәні мұғалімі Тасболат Айғаным және 11 «Ә» сынып оқушысы Серікбай Мирас болды.

Оқушылар бір-бірімен тәжірибе алмасты деп айтуға болады.

Дебат басқарушылары:Тарих пәні мұғалімі Абдиханова М.Т және 11 сынып оқушысы Секербек Аяулым.







https://www.instagram.com/reel/C2wOaeVtAtK/?igsh=MTVmZHp6a3AxeXo5NA==

Дебат клубы жетекшісі: Абуова З.С

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде «Қазақ балаларын шет мемлекетке беру дұрыс па,бұрыс па?» тақырыбында өткізілген дебат турниріне**

**АНЫҚТАМА**

«Қазақ балаларын шет мемлекетке беру дұрыс па,бұрыс па?» тақырыбында оқушылар арасында ақпан айында пікірталас болып өтті.

Пікірсайысқа 7-8 сынып оқушылары қатысты. Дебат пікірсайысы БП форматында болды.

Дебат пікірсайысының мақсаты:оқушылардың сөз шеберлігін шыңдауға,ашық сөйлеуге ,шешендік өнерге баулу.

Дебат – аргумент арқылы жеңу. Онда қарсы тараптар қоғамды өз сөзіне сендіруі керек.

**Дебат** - [ фр. *debats* - талқылау] - нақты құрылымдалған және арнайы ұйымдастырылған қоғамдық пікір алмасу, екі жақтың өзекті мәселелер бойынша пікірталас. Қоғамдық пікірталастың бұл түрі дебатқа қатысушылардың бір-бірін емес, үшінші тарапты өздерінің дұрыс екеніне сендіруін қамтамасыз етуге бағытталған. Пікірталасқа қатысушылар қолданатын вербалды және вербалды емес құралдар аудитория қойған мәселе бойынша белгілі бір пікір қалыптастыруға арналған. Пікірталас деп көбінесе президенттікке кандидаттардың сайлау алдындағы саяси пікірталастары түсініледі.




Дебат клубы жетекшісі: Абуова З.С

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде «Жарнама жасанды қажеттіліктерді тудырады» тақырыбында өткізілген дебат турниріне**

## АНЫҚТАМА

«Жарнама жасанды қажеттіліктерді тудырады» тақырыбында 9-10 сынып оқушылары арасында наурыз айында пікірталас болып өтті.
Пікірталас турнирі білім алушылардың белсенді өмірлік ұстанымын, көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сыни және талдамалық ойлауды дамыту мақсатында өткізілді.

Пікірталастың ең биік шыңы - пікірсайысты меңгерген оқушы бойында өзіндік сөйлеу стилі қалыптасады. Кез келген ортада өзін-өзі ұстай білуін, сөзінің тартымды әрі ойының дәлді болуымен ерекшеленеді.
Пікірталас қоғамды дамытады, өркениетке қол жеткізеді. Пікірталас бар жерде демократия да өрістейді.

Қазіргі іскер адамдарға қоғамдық-әлеуметтік маңызды мәселелерді жете және жемісті талдай алу қабілеті қажет. Олар өз ойларын түсіндіре, дәлелдей алуы керек, қарсы жақтың пікірін жоққа шығарып, өз пікірінің дұрыстығына көз жеткізуі қажет. Сондықтан іскер адамдар сөзталас өнерін, пікірталас шеберлігін үйренуді мақсат етеді. Пікірталас шеберлігі дегенге жеткілікті, жан-жақты біліммен қоса, пікірталас түрлерін, мақсатын, олардың ерекшеліктері мен негізгі талаптарын, сөзталас мәдениетін, онда жиі қолданылатын амал-тәсілдерді жетік меңгеру жатады.

Пікірталас бірыңғай көзқарастың жоқтығынан әртүрлі пікірлер туындаған жайттардың төңірегінде өрбиді. Пікір-талас дегеннің өзі де пікір қайшылығы.

Пікірталастың бірнеше түрі бар: пікір алмасу, ойталқы, пікірсайыс, ойбөліс, сөзталас, айтыс. Әрқайсысының өзіндік мақсаты мен ерекшеліктері бар.



Дебат клубы жетекшісі: Абуова З.С

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде «Қазақстан болашағы - қазақ тілінде» тақырыбында өткізілген дебат турниріне**

**АНЫҚТАМА**

«Қазақстан болашағы - қазақ тілінде» тақырыбында 9-10 сынып оқушылары арасында наурыз айында пікірталас болып өтті.Дебат пікірсайысы БП форматында болды.Дебатқа 9а,9ә,10ә,10б сыныптары бақ сынады. Дебат пікірсайысының мақсаты:. қазақ тілінің мәртебесі туралы пікір айту, оқушылардың өз пікірін айта білуге үйрету, дәлелдер мен мысалдар, статистикалық мәліметтер қолдана білуге үйрету, тілді құрметтеуге баулу.

Өз тіліңді құрметте-деп Қадір Мырзалиев ақын ағамыз айтқандай жалпы қоғамымыз ана тілін өз анасындай қорғап қастерлеуі тиіс.

Дебат – қоғамдық екі топтың белгілі бір тақырыпқа байланысты қарама –қарсы ойларын үшінші топқа, яғни, төрешілерге нақты детальдармендәлелдейтін пікірталас түрі. Демек, нақты дәлел қажетігінен дебатерлар нақты білім және білімді орынды қолдану әрі ойын дәл жеткізу мақсатында шешендікөнерге де ие болуы шарт.

Ойында төрешілік еткен мектептің дебат клубының жетекшісі: Кипрәлі Аяулым.



Дебат клубы жетекшісі: Абуова З.С

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде «Үйде оқыту дәстүрлі мектептен гөрі жақсы ма?» тақырыбында өткізілген дебат турниріне**

## АНЫҚТАМА

«Үйде оқыту дәстүрлі мектептен гөрі жақсы ма?» тақырыбында 7-8 сынып оқушылары арасында наурыз айында пікірталас болып өтті.

Баланы үйде оқыту қазір Қазақстанда да, шетелде де танымал болды. Интернеттің дамуы мен көптеген электронды құралдардың арқасында үйде оқыту сапасы жағынан жағымды және жағымсыз жақтары болғанымен, оны мектеппен салыстыруға болады.

«Үйде оқыту» мектеп қабырғасында әлеуметтене алмайтын интроверт балалар үшін өте ыңғайлы. Үйде оқыту кезінде «оқу психикаға қатысты зорлық-зомбылыққа тең» деген тұрақты тұрақты теріс қатынас жойылады және бала жаңа білімді қабылдауға қуанышты. Сол сияқты, үйде оқыту мектептегі құрдастары мен мұғалімдері тарапынан қорлық көрген балаларға көмектесе алады.

Бағалау жүйесінің болмауы үйде оқытудың негізгі себептерінің бірі болып табылады. Психология ғылым ретінде көзқарас тұрғысынан мұғалімнің үнемі бағалауы ересек жаста кейінгі невроздарды тудыруы мүмкін. Сыртқы бағалауға емес, қажетті білімді іштей қабылдауға бағытталған үйде оқыту сізге үйлесімді және дамыған жеке тұлғаны өсіруге мүмкіндік береді.



Дебат клубы жетекшісі: Абуова З.С

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде «Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер» тақырыбында өткізілген дебат турниріне**

**АНЫҚТАМА**

«Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер» атты тақырыпта сәуір айында оқушылар арасында дебаттық пікірталас болып өтті. Мақсаты: сыбайлас жемқорлыққа мүлдем жол бермеу ,оқушылар арасында көшбасшылық қасиеттер мен патриоттық сезімді дамыту.

«Сыбайлас жемқорлық – қоғамның және мемлекеттің мемлекеттік қызметшіге артқан сенімін кетіру» туралы талдады. “Сыбайлас-жемқорлық” деген “параға сатып алу”, “пара” ретінде, "corruptio" деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Сыбайлас-жемқорлықты қалай жоюға болады? Пара бермеу және алмау, мақсатты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншілігіңмен жетуге тырысу, парақорлықты көрсеңіз жергілікті органдарға және ақпаратқа хабар беруге кеңестер айтылды.

Дебат АФП форматында өтілді.Ойын барысында ойынға қатысушылардың көзқарасы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте оң тәжірибе мен әлсіз жақтарына талдау жасалды.

Оқушылар өз ойларын ортаға салып,қызықты да тартысты пікірталас болды.



Дебат клубы жетекшісі: Абуова З.С

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде «Еліміздегі жастар саясаты. Жетістіктері мен кемшіліктері» тақырыбында өткізілген дебат турниріне**

**АНЫҚТАМА**

«Еліміздегі жастар саясаты.Жетістіктері мен кемшіліктері» атты тақырыпта сәуір айында 10 сыныптар арасында дебаттық пікірталас болып өтті.

Мақсаты:Белгілі бір фактілерді зерттеуге, болжауға, жүйелеп сөйлеуге, өз көзқарасын ашық та жүйелі етіп дәлелдеуге және өз бағытын дұрыс ұсынуға жетелеу;

- Қарсы пікірдегі адамдардың қойылған мәселелерін жан-жақты қарап, ойланып-толғануға көмектесу;
-Тіл үйренушінің сөйлеу дағдысын қалыптастыру;
-Өз көзқарасын айтуға машықтандыру;
- Оқушының қоғамға деген көзқарасы мен қызығушылығын қалыптастыру;
- «Жастары белсенді елдің ертеңі жарқын» тақырыбында ой қозғату;
- Еліміздегі жастар мәселесіне назар аударту;

Оқушылар қызу да,тартысты пікірталас өткізді.Өз ойларын ашық,еркін жеткізді. Дебат АФП форматында өтті.



Дебат клубы жетекшісі: Абуова З.С

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінде «Оқуға құштарлықты қалай арттыруға болады?» тақырыбында өткізілген дебат турниріне**

**АНЫҚТАМА**

Мамыр айында мектепте 7-9 сынып оқушылары арасында мектепішілік пікірсайыс турнир өтті.

**Мақсаты:** Өз ойы мен пікірі бар, шығармашылықпен жұмыс жасай алатын, қабілетті де құзыретті тұлғаны тәрбиелеу. Оқушыларды жан - жақты ізденіс жұмыстарына баулу. Оқушыны көпшілік алдында еркін сөйлеуге, өз ойын жетік, толық жеткізуге, сөйлеу мәдениетін дамытуға бағыттау.

Пікірсайысшылар оқуға ынталы болудың ең жақсы тәсілдерінің бірі білімнің не үшін қажет екенін анық білу екенін атап өтті. Пікірсайысшылар мұғалімдердің нақты оқушыларда оқу мотивациясының қай түрі басым болатынын түсіну маңызды екеніне және осы түсінікті ескере отырып оқу-тәрбие процесін құруға назар аударды. Қатысушылар сонымен қатар ата-аналар балаларды оқуға оң көзқарас қалыптастыру, оқудағы жетістіктерін мадақтау және тиісті материалдық марапаттау арқылы оқуға ынталандыра алатынын айтты. Пікірсайыс өте қызықты өтті, қатысушылар ата-аналардың, мұғалімдердің және оқушылардың өздерінің қатысуымен оқуға мотивация бойынша әртүрлі идеяларды ұсынды.





Дебат клубы жетекшісі: Абуова З.С

Мәшһүр Жүсіп №57 орта мектебі

**2023 - 2024 оқу жылдық барысында**
**«AVIS» дебат клубының жұмыстарының сараптамасы.**

***2023 - 2024 оқу жылы жылдық барысында Мәшһүр Жүсіп №57 орта мектебінде «AVIS» дебат клубының жұмыстары жүзеге асырылды.***

**«AVIS» дебат клубы**

20.09.2023 күні **«AVIS»** дебат клубының 2023-2024 оқу жылындағы 1-отырысы болды.Алдағы оқу жылына жұмыс жоспары жасалып,ойын кестесі бекітілді.Клуб мүшелігіне жаңа оқушылар қосылды. Оқушылармен жиналыс өткізіліп,дебат клубының мүшелерінің тізімі таныстырылды.Пікірсайыс орталығының басты мақсаты оқушыларды жан-жақтылыққа ,сөйлеу мәдениетінің әдебіне,ой саналарының кең болуына баулу. Клуб мүшелері өз ұсыныстары мен ойларын ортаға салды.Дебат туралы түсінік берілді. Жоспар бойынша :Кіріспе,теориялық бөлімі: пікір-сайыс деген не? Пікір -сайыстың форматтары (АПФ,БПФ) түсіндірілді.

Дебат лидерлері : Кипрәлі Аяулым, Нурланова Зарина, Садык Айым дебат клубына қосылған жаңа оқушыларға өз тәжірибелерімен бөлісіп, тың ойлар айтты.

Дебат клубының алдағы жұмыс жоспарлары талқыланды.

Дебат төрағасы болып**, Кипрәлі Аяулым** сайланды.

Дебатқа қатысушылар саны артты.




29.09.2023ж**«Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?»** тақырыбында пікірсайыс болды.

БП форматында.Дебат дегеніміз-пікірсайыс.Жарыссөз,айтыс десек те болады. Мақсаты:Оқушылардың еліміздегі патриоттық бағытта жүзеге асырылып жатырған игі істер мен айтулы шаралар, бағыттар туралы түсініктерін кеңейту.Екі жақты позицияда оқушылардың сөз жарасымдарына қатыстыру барысында оларды обьективтілік, пікір алуындағы елжандылық, принципшідік қасиеттерге тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/Cx7QL6btT4o/?igshid
=MzRlODBiNWFlZA==

Қазан айында **«Үш тұғырлы тіл саясатың тиімділігі»** тақырыбында пікірсайыс 9-сыныптар арасында өткізілді. Дебат пікірсайысы БП форматында болды.Дебатқа 9 сыныптар бақ сынады.

Дебат пікірсайысының мақсаты:. қазақ тілінің мәртебесі туралы, үш тұғырлы тілдің тиімділігі туралы пікір айту, оқушылардың өз пікірін айта білуге үйрету, дәлелдер мен мысалдар, статистикалық мәліметтер қолдана білуге үйрету, тілді құрметтеуге баулу.

Ойында төрешілік еткен мектептің педагог-ұйымдастырушысы: Таубай Айдана мұғалім.

**«Жастар және интернет»** тақырыбында 9-10 сыныптар арасында қазан айында пікірталас болып өтті.

Мақсаты: Белгілі бір фактілерді зерттеуге,болжауға,жүйелеп сөйлеуге, өз көзқарасын ашық та,нық айтуға және өз бағытын дұрыс ұсынуға жетелеу.

Оқушылар қызу да,тартысты пікірталас өткізді.Өз ойларын ашық,еркін жеткізді. Дебат АФП форматында өтті.

1-орын Жетен Диляра

2-орын Несіпбай Адина

3-орын Маратұлы Нұржан

Оқушылар дипломдармен марапатталды.

**«Жастар қоғам тірегі»** атты тақырыпта қазан айында 8-10 сыныптар арасында дебаттық пікірталас болып өтті.

Мақсаты:Оқушыларға жастар және олардың әрекеті туралы түсінігін жетілдіру, өз ойларын айта білуге, дәлелді мысалдар келтіруге, өз көзқарастарын, ой толғауларын жеткізе білуге бағыт беру.

Оқушылар қызу да,тартысты пікірталас өткізді.Өз ойларын ашық,еркін жеткізді. Дебат АФП форматында өтті.

**«Бай болған жақсы ма әлде бақытты ма?!»** атты тақырыпта қараша айында 7-8 сыныптар арасында дебаттық пікірталас болып өтті.

Мақсаты:оқушының ой-өрісін дамыту,ізденділіру, мәдениеттілікке тәрбиелеу,оқушылардың сөз шеберлігін шыңдауға,ашық сөйлеуге,шешендік өнерге баулу.

**«Мектептерде қаржылық сауаттылыққа оқыту керек пе?»** атты тақырыпта қараша айында 9-10 сыныптар арасында дебаттық пікірталас болып өтті.

Мақсаты:Оқушылардың экономикалық білімдерін тексеру, тиянақтау, одан әрі танымдылық қабілеттерін арттыру; оқушыларды білімді, дарынды, озық болуға тәрбиелеу өз пікірін дұрыс мәдениетті түрде жеткізе білуге және топпен жұмыс жасай білуге үйрету,пәнге деген қызығушылығын ояту, өз білімдерін өмірде қолдана білу қабілеттерін, экономикалық ой-өрістерін,қиялын дамыту.

**«Ұшқыр ой алаңы»** атты тақырыпта қараша айында мектеп оқушылары арасында дебаттық турнир болып өтті.

**Мақсаты:**Дарынды балаларды анықтау, қолдау көрсету,ой-өрісін кеңейту,оқушыларының арасында мектептік пікірсайыс (дебат) қозғалысты дамыту және насихаттау, мектептегі пікірсайыс (дебат) қозғалысты дамыту және қолдау.

**«ҚР-ның Тәуелсіздік жылдарындағы жеткен ең үздік жетістіктері»** атты тақырыпта желтоқсан айында 10 сыныптар арасында дебаттық пікірталас болып өтті.
Мақсаты:Оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру.Патриоттық,отансүйгіштік сезімін дамыта отырып,ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу.
**«Қазақстанның дамуы жастар қолында»** атты тақырыпта желтоқсан айында өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерімен дебаттық турнир болып өтті.
Мақсаты:оқушының ой-өрісін дамыту,ізденділру, мәдениеттілікке тәрбиелеу,оқушылардың сөз шеберлігін шыңдауға,ашық сөйлеуге,шешендік өнерге баулу. Оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру.Патриоттық,отансүйгіштік сезімін дамыта отырып,ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу.
**«Адам қажеттіліктері экологиядан маңызды ма?»** тақырыбында 9-10 сыныптар арасында қантар айында пікірталас болып өтті. 9 сыныптар бойынша 2 команда қатысты. Оқушылар өте тартысты,қызықты пікірталас өткізді. Пікірталас барысында оқушылар өз ойларын ашық айтып, дәлелдермен сөйлеп,өз пікірлерін ортаға салды.
**Үй тапсырмасына тыйым салу керек пе?** тақырыбында оқушылар арасында қантар айында пікірталас болып өтті.
Үй тапсырмасына тым көп уақыт бөлу оқушылардың даму қажеттіліктерін және басқа да маңызды өмірлік дағдыларды қанағаттандырмайтынын білдіреді.
**«Ғаламтор кітап орнын баса алады ма?»** тақырыбында ұстаз бен оқушылар арасында дебат турнирі өткізілді.
**Мақсаты:** Өз ойы мен пікірі бар, шығармашылықпен жұмыс жасай алатын, қабілетті де құзыретті тұлғаны тәрбиелеу. Оқушыларды жан - жақты ізденіс жұмыстарына баулу. Оқушыны көпшілік алдында еркін сөйлеуге, өз ойын жетік, толық жеткізуге, сөйлеу мәдениетін дамытуға бағыттау.
Шешендік өнер мен ой ұшқырлығы сынға түсетін ойын.
Дебатқа 9,10,11 сынып оқушыларынан құралған командалар және ұстаздар қатысты.
https://www.instagram.com/reel/C2wOaeVtAtK/?igsh=MTVmZHp6a3AxeXo5NA==
**«Қазақ балаларын шет мемлекетке беру дұрыс па,бұрыс па?»** тақырыбында оқушылар арасында ақпан айында пікірталас болып өтті.
Пікірсайысқа 7-8 сынып оқушылары қатысты. Дебат пікірсайысы БП форматында болды.
**«Жарнама жасанды қажеттіліктерді тудырады»** тақырыбында 9-10 сынып оқушылары арасында наурыз айында пікірталас болып өтті.
Пікірталас турнирі білім алушылардың белсенді өмірлік ұстанымын, көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сыни және талдамалық ойлауды дамыту мақсатында өткізілді.
**«Қазақстан болашағы - қазақ тілінде»** тақырыбында 9-10 сынып оқушылары арасында наурыз айында пікірталас болып өтті.Дебат пікірсайысы БП форматында болды.Дебатқа 9а,9ә,10ә,10б сыныптары бақ сынады. Дебат

пікірсайысының мақсаты:. қазақ тілінің мәртебесі туралы пікір айту, оқушылардың өз пікірін айта

білуге үйрету, дәлелдер мен мысалдар, статистикалық мәліметтер қолдана білуге үйрету, тілді құрметтеуге баулу.

**«Үйде оқыту дәстүрлі мектептен гөрі жақсы ма?»** тақырыбында 7-8 сынып оқушылары арасында наурыз айында пікірталас болып өтті.

Баланы үйде оқыту қазір Қазақстанда да, шетелде де танымал болды. Интернеттің дамуы мен көптеген электронды құралдардың арқасында үйде оқыту сапасы жағынан жағымды және жағымсыз жақтары болғанымен, оны мектеппен салыстыруға болады.

**«Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер»** атты тақырыпта сәуір айында оқушылар арасында дебаттық пікірталас болып өтті. Мақсаты: сыбайлас жемқорлыққа мүлдем жол бермеу ,оқушылар арасында көшбасшылық қасиеттер мен патриоттық сезімді дамыту.

Дебат АФП форматында өтілді.Ойын барысында ойынға қатысушылардың көзқарасы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте оң тәжірибе мен әлсіз жақтарына талдау жасалды.

https://www.instagram.com/reel/C5qII8DtIJl/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**«Еліміздегі жастар саясаты.Жетістіктері мен кемшіліктері»** атты тақырыпта сәуір айында 10 сыныптар арасында дебаттық пікірталас болып өтті.

Мақсаты:Белгілі бір фактілерді зерттеуге, болжауға, жүйелеп сөйлеуге, өз көзқарасын ашық та жүйелі етіп дәлелдеуге және өз бағытын дұрыс ұсынуға жетелеу.

Оқушылар қызу да,тартысты пікірталас өткізді.Өз ойларын ашық,еркін жеткізді. Дебат АФП форматында өтті.

https://www.instagram.com/reel/C7HCbI3Nq-O/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**«Оқуға құштарлықты қалай арттыруға болады?»** тақырыбында мамыр айында мектепте 7-9 сынып оқушылары арасында мектепішілік пікірсайыс турнир өтті.

**Мақсаты:** Өз ойы мен пікірі бар, шығармашылықпен жұмыс жасай алатын, қабілетті де құзыретті тұлғаны тәрбиелеу. Оқушыларды жан - жақты ізденіс жұмыстарына баулу. Оқушыны көпшілік алдында еркін сөйлеуге, өз ойын жетік, толық жеткізуге, сөйлеу мәдениетін дамытуға бағыттау.

**Қорытынды:**дебат клубы жоспарға сай уақытылы жүргізіліп келеді. Оқушылар белсене қатысуда.Оқушыларды турнирлерге белсенді түрде қатыстыру, тәжірибелерін арттыру.

Дебат клубы жетекшісі: Абуова З.С